

**"Катонқарағай ауданының аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер өкілдерінің санын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 22/162-V шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 қазандағы № 27/202-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 қарашада № 3563 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 24 қазандағы № 8/96-VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 24.10.2023 № 8/96-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Катонқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Катонқарағай аудандық мәслихатының "Катонқарағай ауданының аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер өкілдерінің санын айқындау қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 22/162-V шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3344 болып енгізілген, 2014 жылғы 4 маусымдағы № 42 (7731) "Арай" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

аталған шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Катонқарағай ауданының аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер тұрғындары өкілдерінің санын айқындау қағидаларын бекіту туралы".

Катонқарағай ауданының аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар,

көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер өкілдерінің санын айқындау қағидаларының қосымшасы алып тасталсын.

Аталған шешіммен бекітілген қағиданың 2 - тарауы келесі мазмұндағы он бірінші тармақпен толықтырылсын:

"11. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын 100 тұрғынға 3 өкіл сандық құрамында бөлек жиынға қатысушылар ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Д. Бралинов*